

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі — Зан) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
- 4) Занға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

- 1) Балабақша басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі,
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі,
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың тұрақтылығы;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 5) Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне келесі функциялар жүктелген:
 - 1) Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
 - 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
 - 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар кабылдау;
 - 5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар санатына жататын Балабақша жұмыскерлерінің Занға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау тұрғысынан мониторинг жүргізу;
 - 6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
 - 7) Балабақша жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған жағдайда) сақтауларын бақылау;
- 8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз ету;